



ҚАУЛЫ

2024.07.02

Кокшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

А-2/54

№
город Кокшетау

**«Степногорск қаласының,
Бұланды, Бурабай, Есіл,
Шортанды аудандарының
мемлекеттік білім беру
мекемелері мен кәсіпорындарының
атауларын өзгерту туралы»
Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы №А-1/2
қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Щучинск қаласының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы» Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі №а-7/275 қаулысына және Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 шілдедегі №8С-6/3 шешіміне, «Ақмола облысы Бурабай ауданы Абылайхан ауылдық округі Ақылбай ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы» Ақмола облысы Бурабай ауданы Абылайхан ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №12 шешіміне сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Степногорск қаласының, Бұланды, Бурабай, Есіл, Шортанды аудандарының мемлекеттік білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының атауларын өзгерту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №А-1/2 қаулысына мынандай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының №7 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индексі 021700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Абай көшесі, 142.»;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының №8 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индексі 021700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Еркін Әуелбеков көшесі, 232.»;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының №9 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индексі 021700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Марфуға Бектемірова көшесі, 78.»;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Ақылбай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:


«7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индексі 021712, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Ақылбай ауылы, Мамыр Сағитов көшесі, 9.».

2. Жоғарыда көрсетілген коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жарғыларына енгізілетін өзгерістердің қоса беріліп отырған мәтіндері бекітілсін.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде енгізілген өзгерістің тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ақмола облысы әкімінің
міндетін атқарушы**



Е. Рамазанов

Ақмола облысы әкімдігінің
2024 жылғы 07 ақпандағы
№ А-2/54 қаулысымен
бекітілді

**«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім
бөлімі Щучинск қаласының №8 мектеп-гимназиясы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің жарғысына енгізілетін
өзгерістің мәтіні**

Жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының №8 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индексі 021700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Еркін Әуелбеков көшесі, 232.».